

## Халықтық бақыпау



## ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ТҮРҒЫНДАР ДА БАҚЫЛАЙДЫ

Енді еліміздің кез келген тұрғыны 1403 нөміріне қоңырау шалып, жолға қатысты мәселелер бойынша жолшыларға жүгіне алады.

Көлік министрлігінің ұйытқы болуымен елімізде «Халықтық бақылау» жобасы басталды. Аталған жобаға сәйкес call-орталығына алғашқылардың бірі болып жүрген — ұзақ уақыт жүк тасымалдаумен айналысатын ақтөбелік Асхат Бектемісов. Ол бұл жоба туралы әлеуметтік желі арқылы біліп, көрсетілген нөмірге қоңырау шалыпты, автотолдың жөндеу барысын көру үшін уақыт пен орын туралы келіскен. Асхат жүк тиеген көлігімен Ақтөбе қаласынан таңғы сағат 5-те шығып, Қарабұтаққа кешке дейін жүрген. Оның айтуынша, 215 шақырымды жүріп өтуге көп уақыт қажет болған:

— Шұрқ тесік жолмен жылдам жүру мүмкін емес әрі өте қауіпті. Білік бұл бағыттағы тасжолды қайта жөндеу жұмыстарын жеделдету үшін тиісті шаралар қабылдайды деп үміттенемін, — дейді кәсіпкер.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалының директоры Айбол Данағұловтың айтуынша, республикалық маңызы ие Самара-Шымкент (М-32) жолының Ақтөбе мен Хромтау қалалары аралығында «КАЖ-сервис» мекемесі шұңқырларды бітеумен айналысады. Сонымен қатар асфальті бұзылған

және жүру мүмкін емес күрделі учаскелерде «Ербол Эль» ЖШС ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Аталған мекеме жұмысшылары асфальттің жоғары қабатын алып тастап, жаңасын төсейтін болады. Бұл мақсатқа 900 миллион теңгеден астам қаржы бөлінген.

— Бұл учаскеде көлік көп жүретіндіктен, жүргізушілер мен жол пайдаланушылардан көптеген шағымдар түседі. Сондықтан қайта жөндеу басталғанға дейін біз осындай жұмыстарды қолға алдық. Жолдың Ақтөбе-Хромтау және Хромтау қаласы бойындағы учаскелеріне баса назар аударатын боламыз. Бұдан өрі Қарабұтаққа дейінгі учаскені жөндеуге қосымша 2 миллиард теңге бөлінеді. Аталған учаскеде барлық техникамен қамтамасыз етілген, мамандары жеткілікті 4 бригада жұмыс істейтін болады. Олар жолдың бұзылған жерлерін мүмкіндігінше тез қалпына келтіру үшін



және Хромтау қаласы бойындағы учаскелеріне баса назар аударатын боламыз. Бұдан өрі Қарабұтаққа дейінгі учаскені жөндеуге қосымша 2 миллиард теңге бөлінеді. Аталған учаскеде барлық техникамен қамтамасыз етілген, мамандары жеткілікті 4 бригада жұмыс істейтін болады. Олар жолдың бұзылған жерлерін мүмкіндігінше тез қалпына келтіру үшін

бір мезгілде 4 жерде жұмыс жүргізуді бастайды, — деді Айбол Данағұлов.

Естеріңізге сала кетейік, Ақтөбеден Ұлғайсын ауылына дейінгі ұзындығы 262 шақырым болатын трассаның бір бөлігі қайта жөндеуге жатады. Ол 7 учаскеге бөлінген, олардың бірінде (2-учаскеде) бүгінде мердігер — «СинеМиде-Строй» ЖШС анықталды. Қазір түрік компаниясы кенеп салуды бастады. Сонымен қатар мердігер ұйым келісімшартқа сәйкес құрылыс кезінде және объектіні пайдалануға бергенге дейін жолдың 28-шақырымында көліктің үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге міндетті.

— Қазіргі күні біз бірінші кезекте жұмыс істеп тұрған жолды тегістеп жатырмыз, — деп атап өтті жоба жетекшісі Нұралы Тойымбетов.

Айбол Данағұловтың айтуынша, нысанның құрылыс мерзімі қысқы кезеңді айтағанда 34 айға есептелген. Алғашқы кезең мердігердің жұмысына республикалық бюджеттен қаражат төленеді. Быылға 8 миллиард теңге бөлінді.

— Көлік министрлігі тарапынан қолдау бар. Сондықтан қажет болған жағдайда қосымша қаражат қарастыра алады, — деді филиал директоры.

Айтпақшы, Асхат Бектемісовтің Ақтөбе-Орск тасжолы-


на, дәлірек айтқанда, Бадамшаға дейінгі учаскеге қатысты шағымдары бар. Бұл жолда ауыр жүк тиейтін техникалар көп жүретіндіктен, көпке шыдамайды. Сонымен қатар өтініш беруші жол бойына деретханалар мен қоқыс жәшіктерін көбірек қоюды ұсынады.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалының директоры Айбол Данағұлов жоба аясында call-орталыққа жүгінгендер үшін жолшылар олардың қалауы бойынша жол жөндеудің барлық процесін көрсетеді әрі осы саладағы барлық сауалға жауап береді.

— Тұрғындардың дені әлі хабардар емес, сондықтан әзірге Ақтөбе облысы бойынша небәрі 3 қоңырау ғана түсті. Асхаттан басқа тағы бір ақтөбелік өтініш білдірді. Ол екі учаскедегі кемшіліктерді атап өтті. Яғни Қобадан Батыс Қазақстан облысы шекарасына дейінгі және Қандыағаш бағытын айтты. Бұл іс-шараға өтініш иесі шақырылғанымен, ол жол жүріп кеткен. Кездесуді кейінге қалдыруға тура келді. Алайда 1403 нөмірі бойынша автожолдың кез келеген пайдаланушысы бізге хабарласа алады. Барлығымен кері байланыс орнатылады, — дейді Айбол Данағұлов.

Абат ҚАРАТАЕВ.

## Кәсіп



## КӨПБАЛАЛЫ АНА ОҚУ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ

Ақтөбе қаласының тұрғыны Венера Ардашева — көпбалалы ана. Бүгінде өз қаражатына оқу орталығын ашқан ол алдағы уақытта «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы бизнесін кеңейтуді жоспарлайды.

көпбалалы ана ретінде үйде қол қушырып отырғанды жөн көрмей, бір нәрсемен айналысу керектігін түсіндім. Ойлана келе, оқу орталығын ашуға бекіндім. Себебі баламен жұмыс жасағанды жақсы көремін әрі мамандығым да осы іске келіңкірейді. Балаларым кішкентай болғасын өзире мұғалімдік жұмыстан бас тартып отырмын. Орталық ашу туралы ойымды жолдасым да құптады. Ол ықпалық әдіспен жұмыс істейді. Сөйтіп, оның демалысында екеулеп оқу орталығын қаланың қай бөлігінен ашуды ұзақ ойластырып, талдау жүргізуге кірістік. Оқу орталығының атауын қою үшін де көп ойландық. Қазақтың ұлы ойшылы, ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің халық арасында кеңінен тараған «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің алғашқы жолынан алдық. Сөйтіп, жолдасым екеуіміз ақылдаса келе, орталықты осылай атағанды жөн көрдік, — дейді Венера.

Оның айтуынша, орталыққа сұраныс болу керек. «Егер сұраныс болмаса, онда бизнесің құрдымға кетеді. Ақтөбе қаласының Есет батыр тұрғын алабында тұратындықтан, әуелі осы маңнан ашуды көздендік, бірақ мұндағы 4-аудан мұндай орталықтың бары-

на көз жеткіздім. Дегенмен ол жаққа қосымша орталықтың керек екенін де білдім. Алдын ала жарнама жасап көргенімізде, орталыққа қажет бала саны жинала қоймады. Сөйтіп, Есет батыр ауданындағы бір балабақшаға барып, ондағы ата-аналармен, тәрбиешілермен де сөйлесіп көрдім. Олар маған Құрмыш ауданынан оқу орталығын ашуға кеңес берді. Құрмыш ауданына мұндай орталықтың қажет екенін осы ауданда көше бойы тұрғындарға жүргізген сауалнама мен талдауымыз арқасында жақсы түсіндім», — дейді орталық жетекшісі Венера Ардашева.

Қазір ол бір ғимараттың үш бөлмесін жалға алып отыр. Екі ауысымда жүзге тарта баланы оқытуға жағдай жасауға кіріскен. Ол үшін кәсіпкер мен орындықтар, оқуға, көрнекілікке қажетті құрал-жабдықтар сатып алыпты.

— Мақсатым — балаларға сапалы білім беру. Жұмысты быыл сәуірде бастап кеттік. Қазір жиырмаға тарта балаға дәріс беріп жатырмыз. Қарамағымда 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмын. Оның бірі логопед маман болса, екеуі — басушы сынып мұғалімдері. Қашықтан жұмыс жасайтын әкі маман бар. Олар жаз маусымында сурет

салуды сияқты үйірмелерден сабақ беретін болады. Қазір орталықта мектепке дейінгі даярлау бағдарламасы негізінде дәріс өткізіледі. Яғни 4 жасан асқан балаларға жазылып-сызу, оқыту курстары жүргізіледі. Логопед маман арнайы ауыз массаждарын жасап, дыбысты, сөзді анық айту үшін әр баламен жеке де, топтық жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ бесінші сыныпқа дейінгі балаларға орталықта үй тапсырмасы оқытылып, қосымша есептер шығарылады, — деді Венера.

Қазір орталықта жазғы лагерге бала қабылданып жатыр. Лагерь жұмыстары маусым айында басталады. Мұнда, негізінен, Құрмыш ауданы мен қаланың ескі бөлігінен ғана бала қабылданады.

— Орталық ашуда «Атамекен» облыстық палатасы тарапынан жүргізілген семинар, тренингтер көп пайдасын берді. Осындай іс-шараларға қатысуың нәтижесінде көптеген адамдармен танысып, кәсіпкерлермен жақын араласа бастадым. Үйде отырған қаралайым анадан орталық жетекшісі болуға дейінгі аралықта көп өңбектенуіме тура келді. Әсіресе бухгалтерлік есептерді жүргізу үшін палатадан тегін кеңес алуың арқасында осындай дәрежеге жеттім. Орталық ашып, өз алдыма бизнесімді бастама да, әлі күнге дейін палата мамандарынан кеңес алып отырамын. Олар қай уақытта барсам да, хабарласам да тегін кеңес беруге дайын, — дейді орталық жетекшісі.

Венераның айтуынша, жаңа оқу жылынан бастап орталық оқу бағдарламасы негізінде толық жұмыс істейтін болады. Ол алдағы уақытта «DARABALA.KZ» бағдарламасы негізінде жұмыс жүргізу тәсіліне көшуді де ойластырып отыр.

Арайлым НҰРБАЕВА.

## Бір ауыл — бір өнім

## ҚЫШ ҮДЫСТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Мәртеқ ауданының тұрғыны, «Бір ауыл — бір өнім» жобасына қатысушы Аркадий Гогель қыштан түрлі ыдыстар жасайды.



Аркадийдің саз балшықтан бұйым жасап жүргеніне жарты жылдай болыпты. Қолөнердің бұл түріне деген қызығушылықты арқасында ол интернеттен қыш ыдыс жасаудың қыр-сырын меңгереді.

— Саздан бұйым жасау — ежелден келе жатқан өнердің бірі. Ертеде адамдар саз балшықтан тұрмыстық бұйым жасауды білген. Сөйтіп, бірте-бірте сазды шарыққа салып, түрлі формада ыдыс жасауды үйренген. Бертін келе ыдыстарды су жібермейтіндей берік болу үшін пешке салып күйдірген. Ол үшін әбден иленген балшықты дөңгелек табақшаға салып, шарықты шыр көбелек айналады. Қолөнердің бұл түрі сырт қарағанда оңай сияқты көрінгенімен, керамика еттілікті, тәзімділікті, шеберлікті қажет етеді. Өнердің бұл түрімен айналысатын қолөнершілердің өз қолтаңбасы қалыптасады екен. Уақыт өте келе мен де бұл істі дамытатын боламын. Әзірге үй жағдайындағы пешті пайдаланып жатырмын. Алдағы уақытта арнайы цех ашу ойыма бар, — деді Аркадий.

Жергілікті және нарықтағы өнімнің сапасы мен құндылығын арттыру мақсатындағы «Бір ауыл — бір өнім» жобасына қатысушылар үшін өтінім қабылдау басталыпты. Бұл жобаға қатысушылар жергілікті ресурстарды пайдалану арқылы жергілікті бренд

қалыптастыруға тырысуы керек. Сондықтан аталған жоба жергілікті өнімдерді жасау үшін ауылдықтарды бұл іске ынталандыруға бағытталған.

Қазір қолөнер шебері түрлі формадағы құмыралар мен гүлсауыттар, шыныақтар жасауға тапсырыс қабылдайды. Жасы алпысқа таяған шебер бүгінде Мәртеқ ауылындағы ұйымдардың бірінде күзетші.

— Ауылда ишкізатқа қатысты мәселе жоқ. Бұл істе Ақсу ауылының саз балшығын пайдаланамын. Бұл тәзімді әрі иілгіш материал ретінде сипатталады. «Өзіңді көрсет, өзеге қара» қағидасы бойынша Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Бір ауыл — бір өнім» жобасына қатысуға өтініш бердім. Біз сияқты бизнеске жаңадан келушілер мамандардың көмегіне мұқтаж. Мұндай жоба арқылы тауардың көлемін кеңейтуге және сапалы мәселесінде үлкен қолдау болады деп ойлаймын, — дейді Аркадий.

Алғашында әйелдер бизнесін қолдауға арналған жобаға биыл ер адамдардың қатысуына да мүмкіндік қарастырылған. Бүгінде аталған жобаға қатысты палатаға 21 өтінім түскен. Жобаның өңірлік көрмесін өткізу іс-шарасы жаз айларына жоспарланып отыр.

А.ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ.

## «Интергаз Орталық Азия» АҚ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «Ақтөбе облысындағы 14-компрессорлық станция Қостанай қаласына магистралды газ құбырын және жаңа компрессорлық цехты салу» ТЭН-ге ықтимал өсерлер туралы Есептің материалдары негізінде ашық отырыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. 14-компрессорлық станция учаскесінде магистралды газ құбырындағы сығымдау қуатын қамтамасыз ету үшін» Ақтөбе облысының Хромтау және Әйтеке би аудандарында.

Ақтөбе облысында қоғамдық тыңдаулар өтеді:

1. Хромтау ауданы Хромтау қаласы 2.07.2024 жылы сағат 10.00-де Республика көшесі 784, аудан әкімдігінің ғимаратында;  
2. Әйтеке би ауданы Т.Жүргенова ауылы 3.07.2024 жылы сағат 10.00-де Жүргенова көшесі 67, «Мәдениет демалысы орталығы» ғимаратында.  
Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-raidalanuuy?lang=ru» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүүлер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert\_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Ықтимал өсерлер туралы жобаның тапсырыс берушісі «Интергаз Орталық Азия» АҚ жоспарланған қызметінің бастамашысы, БСН 97074000392, мекенжайы: Астана қаласы Есіл ауданы Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-ғимарат. Қабылдау бөлмесі: тел.: 7 (7172) 92-70-51, 92-71-20, 92-70-48, e-mail: info@ica.kz.

Жобалық экологиялық құжаттама өзірлеуші: «Ecology Business Consulting» ЖШС.

Мекенжайы: Астана қаласы, Айдархан Турлыбаев көшесі, 8. Тел.: 8 (7172) 430733, 430757, e-mail: ebc\_astana@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/75921916390?pwd=vxbE4SlR2cF1b3psZCxb7UMG3QjI4.1 Конференция идентификаторы: 759 2191 6390. Кіру коды: OshSuN.

Қосымша ақпаратты материалдардың мазмұнына қатысты электронды пошта арқылы сұрауға болады: ebc\_astana@mail.ru немесе 8 (7172) 43 07 33, 43 07 57 телефоны бойынша.